



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы 8, 4-кіреберіс
тел.: +7 (7172) 75-04-71, 75-04-89, факс: 75-03-52
administrator@minfin.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 8, подъезд 4
тел.: +7 (7172) 75-04-71, 75-04-89, факс: 75-03-52
administrator@minfin.gov.kz

№

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары

2022 жылғы 23 маусымдағы
№ДС-207 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аяқталмаған проблемалық құрылыс объектілеріне қатысты депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлайды.

Қазіргі уақытта мемлекеттік органдармен (ИИДМ, ҚМ, ҰЭМ, БҒМ, ДСМ, МСМ, ЕХӘҚМ, ЭГТРМ, ПМ) және облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдіктерімен өңірлер бөлінісінде ұзақ құрылыс объектілеріне талдау жүргізілді және жобаларды жоспарлаудың және уақтылы қаржыландырудың жүйелі мәселелерін шешуді, сондай-ақ объектілерді аяқтау мен пайдалануға беруге бағытталған құрылыстың негізгі кезеңдерін көрсете отырып, әрбір объект бойынша одан әрі іске асыруды көздейтін бюджеттік жоспарлауды жетілдіру және ұзақ құрылыстарды аяқтау бойынша Жол картасының жобасы әзірленді.

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган ретінде ИИДМ ақпараты бойынша Жол картасының жобасы келісу рәсімінен өтуде.

Сметалық құнының жүйелі түрде көтерілуіне жол бермеу мақсатында ИИДМ жыл соңына дейін құрылыс құны индекстерінің жүйесін енгізу жоспарлануда.

Баяндалғанды ескере отырып, аяқталмаған проблемалық объектілерді қаржыландыру мәселесі Жол картасы бекітілгеннен кейін заңнамада белгіленген тәртіппен қаралатын болады.

Елдегі ұзақ құрылыс мәселелерін шешу тұрақты және ерекше бақылауда.

ШҚО-да мамандандырылған ХҚКО құрылысына қатысты

2022 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау шеңберінде Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі және тиісінше Қазақстан Республикасының цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі (бұдан әрі - ЦДИАӨМ) автодром салуға бюджеттік өтінім енгізген жоқ.

Бұдан басқа, 2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасын қалыптастыру шеңберінде ЦДИАӨМ-нің осы іс-шарасы бойынша шығыстар да мәлімделмегенін атап өтеміз.

Сонымен қатар, автодром құрылысын қаржыландыру мәселесін Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі өңірлік саясатты дамыту саласындағы уәкілетті орган ретінде Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігімен пысықтағаннан кейін жобаны жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асыру мүмкіндігі тұрғысынан қарастыруға болады деп ойлаймыз.

Семей қаласында Мемлекеттік медицина университеті жатақханасының құрылысына қатысты

Жобалық-сметалық құжаттама бойынша Семей қаласындағы мемлекеттік медицина университетінің 1000 орындық жатақхана ғимаратының құрылыс құны **2 301,4 млн. теңгені** құрайды.

2014 жылдан бастап аталған жобаны іске асыруға Денсаулық сақтау министрлігінің өтініміне сәйкес 656 млн. теңге сомасында қаражат бөлінді.

2014 жылы - 373,7 млн. теңге (қаражат толық көлемде игерілді);

2015 жылы - 282,3 млн. теңге.

2015 жылы университеттің сметалық құны шегінде жұмыс жобасын өз бетінше түзету салдарынан орындалған жұмыстардың көлемін тапсырмауынан 282,3 млн.теңге сомасында көзделген шығыстар орындалмаған («Қарағайлы» жаңа шағын ауданындағы құрылыс учаскесін батпақтан «құрғақ» учаскеге өзгерту бөлігінде, құрылыс кезеңдеріне мемлекеттік сараптаманың оң қорытындылары алынды).

Бұл ретте, 2016 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау кезінде Денсаулық сақтау министрлігінің өтінімі бойынша «СТ Стройсервис»мердігерлік ұйымының шарттық міндеттемелерін тиісінше орындамағаны үшін сот талқылауларына байланысты шығыстар 1 666,2 млн. теңгеден 150 млн. теңгеге (- 1 466,2 млн. теңгеге) дейін қысқартылды.

2017-2019 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде ғимарат құрылысын жалғастыруға 400 млн. теңге сомасында шығыстар мәлімделді, олар 2017 жылға арналған республикалық бюджетті екінші нақтылау кезінде 50,4 млн. теңгеге дейін қысқартылды.

Сонымен қатар, 2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде 2018 жылы құрылысты аяқтауға 1 500,3 млн. теңге сомасында шығыстар мәлімделді, олар сот талқылауларына байланысты қолдау таппады.

Мәселен, 2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджетте аталған объектінің құрылысына шығыстар көзделмеген.

Сонымен қатар, ДСМ-нің 2019-2021, 2020-2022, 2023-2025 жылдарға арналған бюджеттік өтінімінің құрамында осы объектінің құрылысын аяқтауға шығыстар мәлімделмеген.

Жезқазған қаласындағы 320 орындық балабақшаға қатысты

Қазіргі уақытта білім беру саласындағы бюджеттік инвестициялық саясаттың негізгі басымдығы мектептерді оқытудың үш ауысымдылығын және апаттылығын жою болып табылады, оның шеңберінде білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау объектілеріне қажеттілікті айқындау әдістемесіне сәйкес (ҚР Денсаулық сақтау министрінің м. а. 2010 жылғы 22 сәуірдегі №123, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2010 жылғы 26 сәуірдегі №50-ө, ҚР Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 24 желтоқсандағы №81, ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2010

жылғы 24 желтоқсандағы №99 бірлескен бұйрығымен бекітілген) республикалық бюджет есебінен қуаты **300 орыннан асатын мектептер салу** қамтамасыз етіледі.

Сондай-ақ, 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес, жергілікті атқарушы органдарға балабақшалардың құрылысын мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру арқылы жүзеге асыру қажет.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде облыстың ЖАО балабақшаларының құрылысын жергілікті бюджет қаражаты есебінен не мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру жолымен көздеу қажет.

Қарағанды қаласында 200 төсектік облыстық көп бейінді балалар ауруханасын салуға қатысты

Қарағанды қаласында жобалық-сметалық құжаттамасы бойынша 200 төсектік облыстық көп бейінді балалар ауруханасы құрылысының жалпы құны - 8 214,5 млн. теңгені құрайды. Шарттық құны – 7 959,7 млн. теңге, оның ішінде республикалық бюджеттің міндеттемелері - 7 163,7 млн. теңге.

2013 жылдан бастап аталған жобаны іске асыруға республикалық бюджеттен бюджеттік өтінімдерге сәйкес толық көлемде 7 163,7 млн. теңге сомасында қаражат бөлінді.

Сонымен қатар, 2021 жылы жобалық-сметалық құжаттамаға түзету жүргізілді.

Қазақстан Республикасы Бюджет Кодексінің 46-бабының 7-тармағына сәйкес жобалау-сметалық құжаттаманы түзетуге немесе оған техникалық-экономикалық негіздеме немесе үлгілік жобада көзделмеген қосымша компоненттерді енгізуге байланысты жоғары тұрған бюджеттен нысаналы даму трансферттері есебінен іске асырылатын жергілікті бюджеттік инвестициялардың сметалық құнының ұлғаюына байланысты шығыстар жоғары тұрған бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады тиісті жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Осыған байланысты, жобаны жергілікті бюджет қаражаты есебінен аяқтауды қажет деп санаймыз.

Құрметпен,
Қазақстан Республикасының
Қаржы вице-министрі

Д. Жанәлінов



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2022 м. 07.07 № 669

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

Қол қою құқығын беру туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі», «Құқықтық актілер туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 маусымдағы № 355 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі Регламентіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасының қаржы вице-министрі Данияр Еренғалиевич Жаналиновке:

1) Қазақстан Республикасының Парламентіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстан Республикасы Премьер – Министрінің Кеңесіне, Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотына және мемлекеттік органдарға, оның ішінде Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін органдарға жіберілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) құжаттарына;

2) «Қазақстан Республикасы Президент Әкімшілігі» (бұдан әрі - ПӘ) адресатын көрсете отырып, ПӘ құрылымдық бөлімшелерінің тікелей сұрау салуларына жауаптарға;

3) адресаттың тиісті атауын көрсете отырып, Қазақстан Республикасының Президенті Көмекшісінің Министрлікке тапсыратын қарарларын орындау туралы ақпаратқа;

4) жоспарлы және ұйымдастыру құжаттарының (ақпараттық материалдарды ұсыну кестесі, іс-шаралар жоспарын орындау барысы, хаттамалық тапсырмалар, «ПӘ» адресатын көрсете отырып, қызметтік жазбаларға берілетін тапсырмалар) мониторингі және оларды орындау шеңберінде дайындалатын ПӘ құрылымдық бөлімшелеріне жіберілетін ақпаратқа;

5) Министрлікке келісуге енгізілетін бірлескен нормативтік құқықтық бұйрықтарды қоспағанда, құқықтық актілердің, басқа мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің жобаларына;

6) Министрлік Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне және мүдделі мемлекеттік органдарға келісуге енгізетін заң жобаларына және Қазақстан Республикасының Үкіметі, Премьер-Министрі, Президенті құқықтық актілерінің жобаларына;

7) заң жобаларына Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары бастамашылық ететін заң жобаларына Үкімет қорытындыларының жобаларына, Парламент палаталарының карауындағы заң жобалары бойынша Парламент палаталары депутаттарының түзетулеріне Үкімет қорытындаларының жобаларына, Үкімет бастамашылық ететін заң жобаларына Парламент депутаттарының түзетулеріне Үкімет қорытындыларының жобаларына, сондай-ақ мемлекеттік органдар бастамашылық еткен заң жобаларына түзетулерге Үкімет қорытындыларының жобаларына;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген, құзыреті шегінде Министрмен қабылданатын, сондай-ақ штат кестесін бекіту бойынша бұйрықтарды қоспағанда, негізгі қызметі жөніндегі бұйрықтарға;

9) Министрлікке сенімгерлік басқаруға берілетін акционерлік қоғамдардың акциялар пакетін сенімгерлік басқару шарттарына (оның ішінде, оларға қосымша келісімдерге), акциялардың мемлекеттік пакеттерін иемдену және пайдалану құқықтарын қабылдап алу-тапсыру актілеріне;

10) тәуелсіз директормен, атқарушы орган басшысымен не Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес акциялары Министрлікке иемденуге және пайдалануға берілген акционерлік қоғамдардың атқарушы органының функцияларын жалғыз жүзеге асыратын тұлғамен шарттарға (оның ішінде оларға қосымша келісімдерге) және Министрліктің және өзінің карауы бойынша шарттар мен тәртіпте барлық дауыс беру акцияларына ие жалғыз акционер немесе тұлға болып табылатын акционердің немесе тұлғаның (бұдан әрі – Қоғам) атынан сенімгерлік басқару шарттарына;

11) бірлескен құпия жұмыстарды жүргізу және Министрліктің ұйымдармен жұмылдырылған тапсырысын орындау туралы шарттарға (оның ішінде, оларға қосымша келісімдерге);

12) Министрліктің қарамағына берілген мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты құқықтарға ие тиісті саланың уәкілетті органының шешімдеріне;

13) Министрліктің қарамағына берілген республикалық мемлекеттік мекемелерге қатысты құқықтарға ие тиісті саланың уәкілетті органының шешімдеріне, оның ішінде осы мекемелердің жарғыларын бекіту туралы, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешімдерге;

14) жалғыз акционер немесе барлық дауыс беру акцияларына ие тұлға болып табылатын акционер немесе тұлға ретінде Министрлік атынан акционерлердің, директорлар кеңесінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талаптарға;

15) меншік нысанына карамастан мемлекеттік ұйымдармен ынтымақтастық туралы келісімдерге, меморандумдарға (оның ішінде, оларға қосымша келісімдерге);

16) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Басшысының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Орынбасарларының атына министрліктің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жіберілген құжаттарға (тапсырмаларды, оның ішінде хаттамалық тапсырмаларды орындау үшін) қол қою құқығы берілсін.

2. Қаржы вице-министрі Д.Е. Жаналинов болмаған кезеңде осы бұйрықта көрсетілген құжаттарға қол қою құқығы қаржы вице-министрі Е.Е. Биржановқа берілсін.

Қаржы вице-министрі Е.Е. Жаналинов, қаржы вице-министрі Е.Е. Биржанов болмаған кезеңде осы бұйрықта көрсетілген құжаттарға қол қою құқығы қаржы вице-министрі Д.М. Кенбеилге берілсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары-
Қаржы министрі**



Е. Жамаубаев



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы 8, 4-кіреберіс
тел.: +7 (7172) 75-04-71, 75-04-89, факс: 75-03-52
administrator@minfin.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 8, подъезд 4
тел.: +7 (7172) 75-04-71, 75-04-89, факс: 75-03-52
administrator@minfin.gov.kz

№

Депутатам Мажилиса Парламента
Республики Казахстан

На депутатский запрос №ДС-207
от 23 июня 2022 года

Уважаемые депутаты!

Министерство финансов Республики Казахстан, рассмотрев депутатский запрос касательно незавершенных проблемных объектов строительства, сообщает следующее.

В настоящее время государственными органами (МИИР, МФ, МНЭ, МОН, МЗ, МКС, МТСЗН, МЭ, МЭГПР, МВД) и акиматами областей городов Нур-Султан, Алматы, Шымкент проведен анализ объектов долгостроя в разрезе регионов и разработан проект Дорожной карты по совершенствованию бюджетного планирования и завершения долгостроев, предусматривающий решение системных вопросов планирования и своевременного финансирования проектов, а также дальнейшую реализацию по каждому объекту с указанием основных этапов строительства, направленных на завершение и ввод объектов в эксплуатацию.

По информации МИИР, как уполномоченного органа, осуществляющего руководство в сферах архитектурной, градостроительной и строительной деятельности проект Дорожной карты проходит процедуру согласования.

В целях недопущения систематического завышения сметной стоимости МИИР до конца года планируется внедрение системы индексов стоимости строительства.

Учитывая изложенное, вопрос финансирования незавершенных проблемных объектов будет рассмотрен в установленном законодательством порядке после утверждения Дорожной карты.

Решение вопросов с долгостроями в стране находится на постоянном и особом контроле.

Касательно строительства специализированного ЦОН в ВКО

В рамках уточнения республиканского бюджета на 2022 год бюджетная заявка на строительство автодрома акиматом Восточно-Казахстанской области, и соответственно Министерством цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан (далее – МЦРИАП) не вносилась.

Кроме того, отмечаем, что в рамках формирования проекта республиканского бюджета на 2023-2025 годы расходы по данному мероприятию МЦРИАП также не заявлены.

Вместе с тем, вопрос финансирования строительства автодрома полагаем возможным рассмотреть после проработки акиматом Восточно-Казахстанской области с Министерством национальной экономики Республики Казахстан как уполномоченным органом в сфере развития региональной политики на предмет возможности реализации проекта за счет средств местного бюджета.

Касательно строительства общежития Государственного медицинского университета в г. Семей

Стоимость строительства здания общежития на 1000 мест Государственного медицинского университета в г. Семей по проектно-сметной документации составляет **2 301,4 млн. тенге**.

С 2014 года на реализацию данного проекта согласно заявке Министерства здравоохранения выделены средства в сумме 656 млн. тенге.

в 2014 году – 373,7 млн. тенге (средства освоены в полном объеме);

в 2015 году – 282,3 млн. тенге.

Предусмотренные расходы в 2015 году в сумме 282,3 млн. тенге были неисполнены из-за не сдачи университетом объемов выполненных работ вследствие самостоятельной корректировки рабочего проекта в пределах сметной стоимости *(в части изменения участка строительства с заболоченного на «сухой» участок в новом микрорайоне «Карагайлы», на этапы строительства получены положительные заключения Государственной экспертизы).*

При этом, при уточнении республиканского бюджета на 2016 год по заявке Министерства здравоохранения были сокращены расходы с 1 666,2 млн. тенге до 150 млн. тенге (- 1 466,2 млн. тенге) в связи с судебными разбирательствами из-за ненадлежащего исполнения договорных обязательств подрядной организацией «СТ Стройсервис».

При формировании республиканского бюджета на 2017-2019 годы заявлены расходы на продолжение строительства здания в сумме 400 млн. тенге, которые при втором уточнении республиканского бюджета на 2017 год были сокращены до 50,4 млн. тенге.

Вместе с тем, при формировании республиканского бюджета на 2018-2020 годы были заявлены расходы в сумме 1 500,3 млн. тенге на завершение строительства в 2018 году, которые были не поддержаны в связи с судебными разбирательствами.

Так, в республиканском бюджете на 2018-2020 годы расходы на строительство данного объекта не предусмотрены.

Вместе с тем, в составе бюджетной заявки на 2019-2021, 2020-2022, 2023-2025 годы МЗ расходы на завершение строительства данного объекта не заявлены.

Касательно детского сада на 320 мест в г. Жезказган

В настоящее время основным приоритетом бюджетной инвестиционной политики в области образования выступает ликвидация трехсменности обучения и аварийности школ, в рамках которого согласно Методике определения потребности в объектах образования, здравоохранения, социальной защиты *(утверждена совместным приказом И. о. Министра здравоохранения РК от 22.02.2010 года*

№123, Министра труда и социальной защиты населения РК от 26.02.2010 года №50-п, Министра образования и науки РК от 24.02.2010 года №81, Министра экономики и бюджетного планирования РК от 24.02.2010 года №99) за счет республиканского бюджета обеспечивается **строительство школ мощностью свыше 300 мест.**

Также отмечаем, что согласно Посланию народу Казахстана от 31 января 2017 года, строительство детских садов местным исполнительным органам необходимо осуществлять путем реализации проектов государственно-частного партнерства.

На основании вышеизложенного, строительство детских садов МИО области необходимо предусмотреть за счет средств местного бюджета либо путем реализации проектов государственно-частного партнерства.

Касательно строительство областной многопрофильной детской больницы на 200 коек в г. Караганда

Общая стоимость строительства областной многопрофильной детской больницы на 200 коек в г.Караганда по проектно-сметной документации составляет - 8 214,5 млн. тенге. Договорная стоимость – 7 959,7 млн. тенге, из них обязательства республиканского бюджета – 7 163,7 млн. тенге.

С 2013 года на реализацию данного проекта с республиканского бюджета выделены средства в полном объеме согласно бюджетным заявкам в сумме 7 163,7 млн. тенге.

Вместе с тем, в 2021 году проведена корректировка проектно-сметной документации.

Согласно пункту 7 статьи 46 Бюджетного Кодекса Республики Казахстан расходы, связанные с увеличением сметной стоимости местных бюджетных инвестиций, реализуемых за счет целевых трансфертов на развитие из вышестоящего бюджета, в связи с корректировкой проектно-сметной документации или включением в нее дополнительных компонентов, не предусмотренных в технико-экономическом обосновании или типовом проекте, осуществляются за счет средств соответствующего местного бюджета.

В этой связи, завершение проекта необходимо рассмотреть за счет средств местного бюджета.

С уважением,
**Вице-министр финансов
Республики Казахстан**

Д. Жаналинов